

А. Кульсеитова, 2-курс

Ғылыми жетекші — Ж. Н. Сапарғалиев, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, полиция майоры (Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СЕБЕП-САЛДАРЫ

Республика Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясы, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты халыққа Жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жөніндегі жалпы ұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне, сонымен қатар жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті¹.

Сыбайлас жемқорлық ұғымы қазіргі ғылыми және қоғамдық-саяси әдебиетте кеңінен қолданылады.

«Сыбайлас жемқорлық» сөзі (латын тілінен «согупрег») көптеген мағынасы бар: бүлдіру, құлдырау, параға сатып алу, азғыру, тура жолдан тайдыру, притон, құбылмалылық, істі бұзу, күйреуге әкелу, бұрмалау, алдау, қорлау, ар-намысын таптау, «гупреге» көп мағыналы (бұзу, қирату, заңнан аттап өту, шартты бұзу) етістігімен қатар қолданылатын «со» қосымшасы сыбайлас жемқорлық — бұл бірнеше субъектілердің қатысуымен іс-қимыл жасау екенін көрсетеді.

Бұдан өзге, латынша «согуптио» «параға сатып алу», «іріп-шіру» дегенді білдіреді, «сыбайласу» етістігі «біреуді ақшамен немесе өзге де материалдық игіліктермен параға сатып алу» дегенді білдіреді.

Тарихы тереңнен бастау алған барлығымызға жақсы таныс сыбайлас жемқорлық — бүгінде бүкіл әлем қоғамдастығына қауіп төндіріп отыр. Мұндай келеңсіз кеселмен аяусыз да ымырасыз іс-шараларды Қазақстанның өз тәуелсіздігін алған сонау 90-шы жылдардың басында-ақ жүргізіле бастаған еді.

Қазақстан Республикасында бұл мәселеге қарсы іс-шаралар бірінші кезектегі міндетіне айналды.

Қазіргі таңда қауіп төндіріп отырған, келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Мемлекеттік міндеттерді атқаратын, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүліктік пайда алу үшін олардың өкілеттіктерін өзгеше пайдалану, заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз беру, яғни мемлекеттік билікті өзінің пайдасына қарай пайдалану сыбайлас жемқорлық болып есептелінеді деп айтсақ қателеспейміз. Халық арасында бұл мәселені жою толықтай жүзеге аспағанымен, оған қарсы іс-әрекеттер жүзеге асуда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар мен мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді

шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі — парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеті жететін қызметкерлерінің айналысып отырғанын көресетіп берді. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс шараларды барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті деп көрсетілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жүргізбек бұрын,оның пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, соған байланысты қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін біз қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің мүддесінен шығатынымыз сөзсіз. Әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті, Қандай да болмасын адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы құқық қорғау органдары. Әділдікке жүгінген халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік 50 мемлекеттің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Елбасымыз: «Жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз» деп айтқан. Сондықтан қоғамды жеп жатқан қауіппен көп болып күресуіміз қажет. Жалпы профилактикалық сабақтарды, кездесулерді,қазақ аталарымыз айтқандай «тәрбие бесіктен басталады», демекші оқу орындарында, одан әрі жұмыс орындарында жиі-жиі өткізіп отыру, бүгінгі таңда кезек күттірмейтін өзекті мәселе болмақшы¹.

Қазақстан Республикасында жемқорлыққа қарсы іс-әрекет мақсатты да жүйелі бағытқа ие болды. Мұндай келеңсіз кеселмен аяусыз да ымырасыз күрес Қазақстанның өз тәуелсіздігін алған сонау 90-шы жылдардың басында-ақ жүргізіле бастаған еді.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жауапты орындардағы лауазымды қызметкерлер арасынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қарым-қатынасты жақсарту мақсатында тұрақты әрекет ететін жедел-тергеу топтары құрылды.

Сыбайлас жемқорлықтың кең етек алуы кез келген мемлекеттің экономикалық дамуы үшін қауіпті. Оның үстіне сыбайластық ұйымдасқан қылмыспен ұштасқанда заңдық бизнес әлсірейді.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтармен айналысуының негізгі себептері:

- мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білім дәрежесінің төмен болуы;
- құқық бұзушылыққа немқұрайды қарайтын, қызметтік тәртібі төмен кейбір мемлекеттік органдар;
- кейбір мемлекеттік қызметшілердің мемлекет мүддесін емес, өзінің жеке басының жайын күйттеуі;
- кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы заң талаптарын орындау жөніндегі жұмысының маардымсыздығы.

Қорытындылай келе сыбайлас жемқорлық — қоғам мен мемлекеттің қылмыстық сипат алуы сияқты қауіпті ұғым. Оның жоғары деңгейдегі қоғамдық қауіптілігі — ол мемлекеттіліктің негізін құлдыратып, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіреді.

ⁱ «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы бәсекеге қабілеттілігі» ҚР Президентінің жолдауы // www.akorda.kz